

"Электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 193/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 тамызда № 19249 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.11.2022 № 464/НҚ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.11.2022 № 464/НҚ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 159 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14523 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Цифрландыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 12 тамыздағы
№193/НҚ бұйрығымен
бекітілген

"Электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.11.2022 № 464/НҚ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

Осы "электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және "электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басқаруды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) ақпараттық жүйелердің архитектурасы – мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді автоматтандыратын мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің (қолданбалы бағдарламалық қамтылымның), олардың өзара іс-қимыл жасау процестерінің және мемлекеттік басқарудың тиісті салаларының (аяларының) функционалдық мүмкіндіктеріне қатынастардың сипаттамасын білдіретін "электрондық үкіметтің" архитектура қабаты;

3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым архитектурасы – жалпы жүйелік бағдарламалық қамтылымның, аппараттық-бағдарламалық кешендердің,

телекоммуникациялар желілерінің, ақпараттық қауіпсіздік және инженерлік инфрақұрылым құралдарының сипаттамасын білдіретін архитектура қабаты;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы архитектурамен жобаның мүдделі тарабы (бұдан әрі – мүдделі тарап) – қызметіне "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілеріне қатысты күтулері мен мүдделері бар архитектураны қалыптастыруға әсер ететін заңды тұлға (мемлекеттік заңды тұлға, қазыналық кәсіпорын, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын, квазимемлекеттік сектор субъектісі);

5) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жоба (бұдан әрі – АКТ жоба) – "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту жөніндегі өзара байланысты іс-шаралар кешені, оны қаржыландыру бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады;

6) ақпараттық өзара іс-қимыл – МО құрылымдық бөлімшелерінің, МО ведомстволық бағынысты ұйымдарының, басқа МО-лардың, жеке және заңды тұлғалардың арасындағы мәліметтер мен ақпараттар алмасу процесі;

7) архитектураның мәнмәтіні – архитектураны қалыптастыру жүзеге асырылатын "электрондық үкіметтің" ішкі ортасы және жұмыс істеуінің сыртқы шарттары;

8) деректер архитектурасы – бұл ақпараттық ресурстардың, олардағы деректердің, ақпараттық өзара әрекеттесудің, соның ішінде деректерді басқару тәсілдері мен құралдарының сипаттамасы болып табылатын архитектура қабаты;

9) клиентке бағдарланған архитектура – көрсетілетін қызметті алушылардың қажеттіліктері төңірегінде құрылған доменді (бірнеше доменді) көрсетілетін қызметті алушыларда туындайтын көптеген клиенттік жолдарды жобалау арқылы клиентке бағдарланған тәсілді қолдана отырып қалыптастырылған архитектура;

10) клиентке бағдарланған тәсіл – көрсетілетін қызметті алушы үшін оның дербес сипаттамаларын ескере отырып, оларды барынша бейімдеу мақсатында бизнес-процестерді жобалау және реинжиниринг кезінде қолданылатын тәсіл;

11) қызмет архитектурасы – тиісті домендер бөлінісінде стратегиялық басымдықтардың, мақсаттардың, міндеттердің, функциялардың, бизнес-процестер мен қызметтердің сипаттамасы болып табылатын "электрондық үкімет" архитектурасының қабаты;

12) мемлекеттік орган (бұдан әрі – МО) – орталық мемлекеттік орган, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган, сондай-ақ облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы;

13) техникалық құжаттама – ақпараттандыру объектісін құру мен дамыту, сондай-ақ оны тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану өзінің негізінде жүзеге асырылатын ақпараттандыру объектісіне арналған құжаттамалар жиынтығы;

14) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасы (бұдан әрі – ЭҮ АКП) – мемлекеттік органның қызметін автоматтандыруға, оның ішінде мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, сондай-ақ мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға арналған технологиялық платформа;

15) "электрондық үкіметтің" архитектурасы – тиісті салалар (аялар) бөлінісінде мемлекеттік басқарудың міндеттерін, функцияларын қоса алғанда, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің цифрлық нысандағы сипаттамасы;

16) "электрондық үкімет" архитектурасының қабаты – қызметті, деректерді, ақпараттық жүйелерді ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды сипаттайтын, электрондық үкіметтің жай-күйін бір перспективадан сипаттайтын архитектураның құрамдас бөлігі;

17) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы – "электрондық үкіметтің" архитектурасын және "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға.

3. "Электрондық үкіметтің" архитектурасы акт-жобаларды тиімді басқару және оларды ЭҮ ИКП-да іске асыру мақсатында домендік модель негізінде мемлекеттің нысаналы клиентке бағдарланған архитектурасын қалыптастыруға арналған.

ЭҮ ИКП архитектурасын "электрондық үкімет" сервистік интегратормен және уәкілетті органмен келісім бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы қалыптастырады және бекітеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 01.08.2023 № 310/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2 тарау. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыру тәртібі

4. "Электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы "электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді.

5. Уәкілетті орган "электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шығыстарды жоспарлауды Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 16 наурыздағы № 274 бұйрығымен бекітілген ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есебін жасау, ұсыну және қарастыру жөніндегі нұсқаулыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 13631 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына сәйкес жүргізеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.06.2024 № 371/НҚ бұйрығымен (22.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын дамыту Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 239 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17046 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкімет" архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

"Электрондық үкімет" архитектурасын дамытудың негіздері:

1) мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен айқындалған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нормативтік құқықтық актілері (бұдан әрі – Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары) мен құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңаларын қабылдау;

3) бизнес-процестің нысаналы нұсқасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 881 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына (бұдан әрі – цифрлық трансформация қағидалары) сәйкес мемлекеттік органның қызметін, оның ішінде мемлекеттік функцияларды автоматтандыруды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді көздейтін МО бизнес-процестерінің реинжинирингі;

4) құрылатын, дамытылатын "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің "электрондық үкіметтің" архитектурасына сәйкес келмеуі;

5) "электрондық үкімет" сервистік интеграторы "электрондық үкімет" архитектурасын іске асырылуын мониторингілеу шеңберінде тиісті домен архитектурасына, "электрондық үкімет" архитектурасына өзгерістер енгізу және қайта өңдеу қажеттілігін айқындауы домен архитектурасына қызмет доменінің архитектурасы, ақпараттық жүйелер архитектурасы, мәліметтер архитектурасы және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым архитектурасы кіреді;

6) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін ревизиялау шеңберінде қалыптастырылған "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін

пайдаланудан шығару, есептен шығару жөніндегі "электрондық үкімет" сервистік интеграторының ұсынымдары.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 01.08.2023 № 310/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын қалыптастыру және дамыту процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

1) ағымдағы архитектураның анықтамасы;

2) салалар (аялар) бөлінісінде стратегиялық мақсаттарды, нысаналы индикаторларды, міндеттерді, Мемлекеттік басқару көрсеткіштерін сипаттау;

3) нысаналы архитектураны қалыптастыру.

8. Ағымдағы "электрондық үкімет" архитектурасы шеңберінде "электрондық үкімет" сервистік интеграторы:

1) мемлекеттік басқару қызметінің домендерін және олардың шеңберінде жүзеге асырылатын ерекше мемлекеттік функцияларды және "электрондық әкімдіктің" әзірленген АҚ және үлгілік архитектурасын ескере отырып, олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді айқындайды және сипаттайды;

2) МО архитектурасын, "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын, мемлекеттік органдардың ұйымдық құрылымдарын, ережелерін және мемлекеттік функцияларды талдайды, нәтижелері бойынша мемлекеттік функциялар мен қызметтерді мемлекеттік басқарудың функционалдық мүмкіндіктерінің тізбесіне топтастырады;

3) функционалдық мүмкіндіктер тізбесінен "электрондық үкіметтің" функционалдық моделін қалыптастырады;

4) "электрондық үкімет" архитектурасының ауқымы шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілеріне, оның ішінде "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталынан алынған мәліметтерді пайдалана отырып, тексеру мен сипаттама жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 385/НҚ бұйрығымен бекітілген Деректерді басқару жөніндегі талаптарға (бұдан әрі – Деректерді басқару жөніндегі талаптар) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30186 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылатын деректер каталогы негізінде домен деректерінің тұжырымдамалық моделін қалыптастырады және жүргізеді, сондай-ақ қызмет салаларына қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл ағындарын сипаттайды;

6) АҚ-ның қолданыстағы АКТ жобаларына және ведомствоішілік, салалық және ведомствоаралық АКТ жобалары арасындағы тәуелділікке талдау жүргізеді.

9. Стратегиялық мақсаттарды, нысаналы индикаторларды, міндеттер мен көрсеткіштерді, салалардағы (салалардағы) мемлекеттік басқарудың проблемалары мен мүмкіндіктерін сипаттау шеңберінде "электрондық үкімет" сервистік интеграторы:

1) әзірленетін "электрондық үкімет" архитектурасы контекстіне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңдарында және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көрсетілген МО мақсаттарының, міндеттерінің, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерінің тізбесін сипаттайды;

2) қызметтің бар проблемаларын (кемшіліктері мен шектеулерін) айқындайды, Олардың туындауының ықтимал себептерін анықтайды, оның ішінде оларды бизнес-процестердің реинжинирингін жүргізу және мемлекеттік басқару салаларында (салаларында) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы шешу мүмкіндігін қарайды;

3) реинжинирингілеу цифрлық трансформация қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын бизнес-процестердің МО электрондық тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді.

10. Мақсатты "электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру шеңберінде "электрондық үкімет" сервистік интеграторы:

1) реттелетін салалардағы (аялардағы) мемлекеттік басқару бизнес-процестерінің нысаналы жай-күйін сипаттайды;

2) деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес архитектуралық порталда орналастырылған деректер паспорттарының негізінде эталондық деректерді айқындайды;

3) ақпараттық жүйелердің моделін қалыптастырады;

4) ақпараттық жүйелер архитектурасының талаптарына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым моделін қалыптастырады;

5) "электрондық үкімет" архитектурасын іске асыру мақсатында "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде пайдаланылатын ашық бағдарламалық қамтамасыз етудің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (нұсқаулықтар тізімі (ерекшеліктер жиынтығы) тізбесін қалыптастырады;

6) қызметтің тиісті домендерінде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін және ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді құру, дамыту, сатып алу жөніндегі бастамалар тізбесін, пайдаланудан шығару, ауыстыру, теңгерімге қою, ЭҮ ИКП-ға көшіру, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және өзектендіру жөніндегі ұсынымдарды қалыптастырады және оларға басымдық береді, оның ішінде ақпараттандыру объектілерін есептен шығару саны.

Домендік модель негізінде мақсатты архитектураны құру келесі принциптерге негізделген:

1) азаматтар мен ұйымдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған клиентке бағытталған процестер негізінде архитектура құру;

2) негізгі – бір доменге кіретін бірнеше билік органдары шеңберіндегі деректердің " қайталануы";

11. "Электрондық үкімет" архитектурасының әрбір қабатын әзірлеу шеңберіндегі " электрондық үкімет" сервистік интеграторы:

1) оларға қатысты ұсынымдар жоқ архитектура компоненттерін анықтау үшін архитектура модельдерін салыстыруды қамтамасыз етеді;

2) "электрондық үкімет" архитектурасының компоненттері, оның ішінде жіберілген және артық архитектура компоненттері арасындағы қиылыстар мен қақтығыстарды айқындау мақсатында архитектура толықтығын, тұтастығын және тиімділігін тексеруді қамтамасыз етеді;

3) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің қайталануын болдырмау және мемлекеттік басқару салаларында (аяларында) және ведомствоаралық деңгейде " электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін бірлесіп және қайта пайдалану үшін мүмкіндіктер жасау үшін мүмкіндіктерді анықтайды.

12. "Электрондық үкімет" архитектурасының барлық қабаттары бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыстардың нәтижелерін "электрондық үкімет" сервистік интеграторы архитектура жобасының цифрлық нысанында оның әдіснамалық қамтамасыз етілуіне сәйкес ресімдейді және келісу үшін уәкілетті органға ұсынады.

Уәкілетті орган "электрондық үкімет" архитектура жобасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей келіседі, дәлелді ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда келісуден бас тартады. "электрондық үкімет" сервистік интеграторы уәкілетті органның ескертулері мен ұсыныстары бойынша архитектура жобасына қажетті өзгерістерді пысықтайды және енгізеді.

Пысықталған "электрондық үкімет" архитектурасы архитектуралық порталда цифрлық нысанда орналастырылады.

13. "электрондық үкімет" сервистік интеграторы архитектураны қалыптастыру кезінде ақпараттандыру саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

14. МО қалыптастырылған "электрондық үкімет" архитектурасының негізінде МО цифрлық трансформациясының жол картасына және мемлекеттік басқару салаларында (аяларында) айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған архитектураның нысаналы АКТ-жобаларын, архитектураның іске асыру жөніндегі шаралар мен іс-шараларды көрсету мақсатында алтыншы деңгейдегі мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына өзгерістер енгізеді.

3 тарау. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын іске асырылуын мониторингілеу

Параграф 1. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын жүзеге асыру

15. МО Заңның 9-бабының 2) тармақшасын орындау үшін архитектура өнерін іске асыруды қамтамасыз етеді. МО қызметін, оның ішінде мемлекеттік функцияларды автоматтандыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту болмаса бекітілген архитектураға сәйкес және жүргізілген реинжинирингті ескере отырып, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін және ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

16. МО цифрлық трансформациялау жол картасының іс-шараларын және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің алтыншы деңгейдегі құжаттарын орындау арқылы, оның ішінде АКТ жобаларды іске асыру, пайдаланудан шығару, теңгерімге қою, ЭҮ АҚП-ға көші-қон, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және өзектілендіру жөніндегі ұсынымдарды іске асыру арқылы, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша архитектураның іске асырылуын қамтамасыз етеді. ақпараттандыру объектілерін есептен шығару.

17. МО Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 129 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13282 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілген Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес (бұдан әрі - Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту, пайдалану, сатып алу қағидаларына, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерге сәйкес архитектурамен айқындалған АКТ жобаларды іске асыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.06.2024 № № 371/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. МО архитектурасы және жекелеген АКТ жобаларын іске асырудың тиімділігін, нәтижелілігі мен тәуекелдерін шынайы және объективті бағалауды жүргізу мақсатында Қағидаларға сәйкес архитектура порталында "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.06.2024 № № 371/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф 2. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын іске асырылуын мониторингілеу

19. Архитектураны іске асыру мониторингі архитектурада құрылатын және дамитын "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілеріне қойылатын

талаптардың өзгерістерін анықтау, келісу және негіздеу мақсатында тұрақты негізде жүзеге асырылады.

20. Архитектураны іске асыру мониторингі шеңберінде "электрондық үкімет" сервистік интеграторы:

1) АКТ жобаларды іске асыру барысының және АКТ жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың архитектура ережелері мен ұсынымдарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді;

2) архитектура мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді;

3) архитектурадағы өзгерістер ауқымының қажеттілігі мен деңгейін айқындайды;

4) АҚ және уәкілетті орган үшін іске асырылатын АКТ жобалар мен іс-шаралардың архитектура ережелеріне сәйкессіздіктерін болдырмау жөнінде ұсынымдар қалыптастырады;

5) архитектураны іске асырудың жүргізілген мониторингінің қорытындылары бойынша архитектураға түзету жүргізеді.

"Электрондық үкіметтің" архитектурасын іске асыру барысының мониторингін "электрондық үкімет" сервистік интеграторы жүзеге асырады және архитектураға сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

21. Архитектура сәйкестігін бағалау кезеңдерде АКТ жобаларының архитектура талаптарына сәйкесаявлястігін анықтайды:

1) АКТ жобаны жоспарлау;

2) АКТ жобаның инвестициялық кезеңі;

3) АКТ жобаның инвестициядан кейінгі кезеңі.

22. АКТ жобасын жоспарлау кезеңінде архитектураға сәйкестікті бағалау келесі жолдармен жүзеге асырылады:

1) техникалық құжаттаманың Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 29 маусымдағы № 143/НҚ (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 18950 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларына сәйкес және бекітілген архитектураға сәйкестігіне сараптама жасау;

2) ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстар есебінің сараптамасы.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.06.2024 № № 371/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. АКТ жобаның инвестициялық кезеңіндегі архитектура сәйкестігін бағалау:

1) сатып алынатын ақпараттандыру объектілерінің архитектураға сәйкестігі тұрғысынан АКТ жобалардың мемлекеттік сатып алу жоспарларын, техникалық ерекшеліктерді және Мемлекеттік сатып алуды жүргізу фактілерін бағалау;

2) ақпараттандыру объектілерін пайдалануға беру кезеңдерінде АКТ жобалар нәтижелерінің сипаттамаларын, құрамын және мазмұнын бағалау;

3) архитектураға сәйкес жаңа ақпараттандыру объектісін құрудың орындылығы шешілетін, оның ішінде қайталанатын функциялардың, компоненттердің болмауы, ақпараттандыру объектісі элементтерін қайта пайдалану мүмкіндігі тексерілетін архитектуралық бақылау.

Архитектураны іске асыру мониторингі шеңберіндегі іс-шаралар архитектуралық бақылау болып табылады. Архитектуралық бақылау домендерді автоматтандыру процесінде әзірленетін ұқсас, қайталанатын домен элементтерінің, соның ішінде компоненттердің, ақпараттық жүйелердің қайталануын болдырмау үшін барлық кезеңдерде үздіксіз жұмыс істейді.

24. АКТ жобаның инвестициядан кейінгі кезеңіндегі архитектура сәйкестігін бағалау келесі жолдармен жүзеге асырылады:

1) АКТ жобалардың мақсаттары мен нәтиже көрсеткіштерінің мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қолданыстағы мақсаттарына, міндеттеріне және нысаналы индикаторларына сәйкестігін бағалау;

2) ақпараттандыру объектілерінің технологиялық тәуекелдерінің, оның ішінде қызметтің тиімділігін арттыру үшін инновациялық перспективалық технологиялардың болуын бағалау;

3) функционалдық мүмкіндіктердің жай-күйін бағалау;

4) АКТ жобаны іске асыру нәтижелерінің мүдделі Тараптардың қолданыстағы күтулеріне және мәлімделген әсерлерге сәйкестігін бағалау.

25. АКТ жобаны іске асыру нәтижелері архитектураға сәйкес келмеген және ішінара сәйкес келген жағдайда "электрондық үкімет" сервистік интеграторы АКТ жобаларды іске асыру нәтижелерін пысықтау жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдайды.

26. Архитектураға сәйкестікті бағалау нәтижелері бойынша "электрондық үкімет" сервистік интеграторы АКТ жобасының және архитектура компоненттерінің сәйкестік деңгейі туралы қорытынды шығарады, оның ішінде:

1) архитектураға сәйкес келмейді;

2) архитектураға ішінара сәйкес келеді;

3) архитектураға толық сәйкес келеді.

Архитектураны іске асыру мониторингінің нәтижелерін "электрондық үкімет" сервистік интеграторы тиісті кезеңдегі іске асыру туралы есеп түрінде ресімдейді және уәкілетті органға ұсынады.

27. Уәкілетті орган архитектураны іске асыру мониторингін үйлестіруді жүзеге асырады.

"Электрондық үкімет" архитектурасының іске асырылуын мониторингі кезінде жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған жобалық басқарудың әдістері мен тәсілдері қолданылады.

28. "Электрондық үкіметтің" архитектурасы шеңберінде АКТ-жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында уәкілетті орган іске асырудың барлық кезеңдерінде АКТ-жобалардың тиімділігін, нәтижелілігін және орындалмау тәуекелдерін бағалауды қамтамасыз етеді:

- 1) жұмыстардың уақытылы/толық жүргізілмеуі;
- 2) ұсынымдарды орындамау;
- 3) бюджеттердің айтарлықтай асып кетуі;
- 4) нәтиженің мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізбеу, ішінара қол жеткізу;
- 5) іске асырылған АКТ-жобалардың "электрондық үкімет" архитектурасының функционалдық талаптарына сәйкес келмеуі.

29. "Электрондық үкімет" архитектурасының іске асырылуын мониторингілеу, АКТ-жобаларын нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін бағалау нәтижелерін уәкілетті орган ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын бағалау жөніндегі МО қызметінің тиімділігін бағалау қорытындыларына енгізеді.